

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің қолданылуына байланысты сот практикасында пайда болған кейбір мәселелер туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы 2001 жылғы 19 қазан N 16. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 26 қарашадағы N 18 Нормативтік қаулысымен.

Соттардың Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің K010155_ судьяның заңды күшіне енген қаулыларын қайта қарауға қатысты кейбір нормаларын бірыңғай және дұрыс қолдануы мақсатында Жоғарғы Соттың жалпы отырысы қаулы қабылдап, төмендегідей түсіндірме береді:

1. Судьяның әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша заңды күшіне енген қаулылары Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің K010155_ 672, 674-баптарына сәйкес тек прокурордың наразылығы бойынша қайта қаралуы мүмкін.

2. Облыстық және оларға теңестірілген соттардың қадағалау алқаларында қайта қарау Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 673-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Бас прокурорының және оның орынбасарларының, облыстардың прокурорларының, оларға теңестірілген прокурорлар мен олардың орынбасарларының наразылықтары бойынша жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қайта қарау азаматтық істер жөніндегі алқада және қылмыстық істер жөніндегі алқада кемінде үш судья құрамында Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы

кодексінің K010155_ 676-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Бас прокурорының наразылығы бойынша жүзеге асырылады. Осы алқалардың қаулылары

түпкілікті болып табылады.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы
Жалпы отырыстың хатшысы,
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы

Мамандар:
Қасымбеков Б.А.
Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК